

Баланың құқықтарын қорғау
жөніндегі функцияларды жүзеге
асыратын ұйымдардың тауарлары
мен көрсетілетін қызметтерін сатып
алу қағидаларына
2-қосымша

Бекітемін
Басшының м.а.

«Ақмола облысы білім
басқармасының кәмелетке
толмағандарды бейімдеу орталығы»
КММ



Молгаждарова С.Т.

«19» *маусым* 2025ж.

**Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын
ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін жеткізушіні таңдау
жөніндегі үлгілік конкурстық құжаттама**

**"Ақмола облысы білім басқармасының кәмелетке толмағандарды бейімдеу
орталығы" КММ-де кір жуу жабдықтарын сатып алу бойынша– ВС-11
кептіру машинасын, В-11 жуу-сығу машинасын сатып алу бойынша Конкурс**
(конкурс атауын көрсету)

Конкурсты ұйымдастырушы: Ақмола облысы білім басқармасының

Орналасқан жерін: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы, Исмаилов көшесі, 11 Б

БСН 241240017865

БСК KKMFKZ2A

ЖСК KZ26070102KSN0301000

«ҚР Қаржы министрлігінің Қазынашылық Комитеті» РММ

Телефон: +7 778 133 99 47

Электронны мекенжайы: can.aqmoedu.kz

Интернет ресурс: canaqmyandex.kz

Пошталық мекенжайын: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы,
Көкшетау қаласы, Исмаилов көшесі, 11 Б

1. Жалпы ережелер

1. Конкурс «Ақмола облысы білім басқармасының кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығы» КММ-де кір жуу жабдықтарын сатып алу бойынша– ВС-11 кептіру машинасын, В-11 жуу-сығу машинасын сатып алу бойынша таңдау мақсатында өткізіледі.

2. Көрсетілетін қызметті сатып алу жөніндегі осы конкурс үшін бөлінген сома **6 463 640,00** (Алты миллион төрт жүз алпыс үш мың алты жүз қырық) теңгені 00 тиын құрайды/ оның ішінде ҚҚС сомасы.

3. Осы конкурстық құжаттама мыналарды:

1) Конкурстық құжаттамаға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша заңды және жеке тұлғалар үшін конкурсқа қатысуға арналған өтінімді;

2) Конкурстық құжаттамаға 3-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметтерді немесе тауарларды жеткізушіні таңдау бойынша конкурстық құжаттамаға техникалық тапсырманы;

3) Конкурстық құжаттамаға 5-қосымшаға сәйкес таңдау өлшемшарттарын;

4) Конкурстық құжаттамаға 7-қосымшаға сәйкес сатып алынатын тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін қамтиды;

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген әлеуетті өнім беруші конкурсқа қатысуға өтінімімен қоса төменде аталған нысандардың біреуімен енгізеді:

1) банктік кепілдік.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 30 маусымдағы №412 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14223 болып тіркелген) Баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың тауарлары мен көрсетілетін қызметтерін сатып алу қағидаларының 24-тармағына сәйкес әлеуетті өнім беруші немесе оның сенімхат бойынша өкілі құжаттар пакетін **2025 жылғы 27 Маусымға 15 сағат 30 минут** дейін 020000 Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Исмаилова көшесі, 11Б үй мекенжайында орналасқан почталық мекенжайына жібереді немесе комиссияның хатшысына қолма-қол береді.

Құжаттарды әлеуетті өнім беруші конкурсты ұйымдастырушыға тігілген, парақтары нөмірленген түзетусіз түрінде ұсынады. Өтінімнің соңғы парағына бірінші басшының қолы қойылады және мөрімен (болған жағдайда) бекітіледі.

Конкурсты ұйымдастырушы белгіленген мерзім өткеннен кейін ұсынылған құжаттар тіркелуге жатпайды және әлеуетті өнім берушілерге қайтарылады.